Fourthly – the clear elocution helps to use the technique of singing, helping to make a sound device, to develop the singer's breath. Some of the compositions give more emphasis on word, music (music): the dictation of the student as the main performing instrument, clear and clear in the large hall, the most salient expression of the word to the listener at the end of the audience. It is important to have a clear understanding of the composition of the melody and the word. Abay, Pushkin, Birzhan-sal, Akan-seri, Shakespeare, Goethe, music melodies may be typical of P. Tchaikovsky, M. Tulebayev, J. Verne, Birzhan-sal, in some works. In this case it can not be ignored. It is important to equalize the composer, to open his words, to convey his sense, to the deeper game audience.

Some consonants as p, t, k and f, s, kh, sh sounds can be eliminated from the deficiencies by means of daily special exercises among students with disabilities who pronounce "r" sound as "sh, s".

The direction of the tongue, what part of a mouth it goes, the shape of the mouth, the voice of the instrument, its articulation every day exercises, adjustment of the lip of each lips requires special exercises. Some dancers have a dementia of the upper and lower lips, so the word may not be clear. Due to the unevenness of the upper lip and the lower lip, some loud noise may be formed, or it may develop poorly.

It is advisable to convey a word or a song to the dictaphone in order to make sure that some student's disadvantages are correct, and it can be corrected immediately if the student finds himself by the ear, through the senses, the sensation (this may be the child's vulnerability). Of course, the teacher's actions are not just about eliminating discipline. Help to develop the nature of his voice, his unique personality traits.

The development of the student's speech technique (whether it is singing, word-writing) is carried out on a daily basis. The main lips, jaws, thoracic muscles, and neck muscles need to be cultivated daily. Then the lips are free, there is no mucus, its real muscles can be used correctly in a timely manner, as well as neck and neck muscles develop through such exercise exercises.

As mentioned above, the compositions performed by the singer are complicated, mixed, variable, and the articulation accuracy of the lips has been instrumental in the energetic, inspirational, exciting performance of some Kazakh songs. It depends on the musical language of the singer-performer, the development of lip muscles.

"Clearly convey the essence of the word – its real emotional color, of course, to all national school singers is very necessary," – says the theoretic of the Russian vocal pedagogy, the research scientist L.M. Dmitriev [6].

For example, folk composers, such as "Gakku" among the songs of composer Ukili Ybyray, "Zhanbota" among Birzhan-sal songs, as well as sounds in the cheerful songs should be clear. Only then, as this example shows, the sound velocity is very light, and sudden changes in the sound do not break the song line and help make the word clearer.

Of course, it is necessary to define a speech project related to the size, rhythm of each musical composition, and the rhythm of the song to be faster, and the diction should be clearer. The diction in the ecclesiastical dance should be so soft, that it should not be hindering its clarity, while the overall melody of the song sounds a bit obstructive to the accuracy of the word, but in a comprehension and sensitivity, it determines the level of singer's performance.

Whether it's a complicated, mixed, varied music or anything else, it must be clear. In both cases, there must be a uniform view of the pronunciation of the text.

If a poem is created in the field of creativity, the vocalist will create a singer with music. That is why the main task is to open up the meaning of the words to the singers. So the key to the vocabulary is the golden key that can open the artistic face of the artist as an artist.

Therefore, the singers are required to strictly observe vocal phonetic music and orthoepic peculiarities without breaking the richness of their native language. Eventually, while singing foreign, russian songs it is obligatory to take into account the laws of language when performing.

The main purpose of the singers is to find out the composition of the word in terms of tactics, the full content of the sentence, in-depth analysis and subtlety of the music.

It is important to keep track of the purity of the voice, the purity of the music, and the plainness of the word, with emphasis on the beauty of the word and its verbal form, its content and its validity, its personality.

To do this, he needs to know the peculiarities of the vocabulary of the song, grammar, and especially the vocal orthoepy laws and rules. In addition to a style that is highly regarded as academic, poetic, scientific, oratory, and scenic, neutral speech which is divided into simple, simple speech styles (prosthetic style). These differences are well-known by highly professional performers. The main task of each teacher is to educate young generation in this direction.

Studying vocal compositions is a composer's ability to communicate. Separation of the artistic nature, content and legal system of the study. Recognition of stylized laws in speech art often involves the observation of the essence and character of the textology. Explained, they have to analyze and interpret the various images (character) in a comprehensive way. Particular attention should be given to the discovery of classical compositions, folk composers' songs, the history of its origin, the music of its creators, and the lyrics of the authors themselves, especially the treasures of the world.

K. Stanislavsky once wrote: "Vowels – rivers, consonants – river channel. Songs without a clear word construction is a river without without channels, the words are wrecked and disappear like that" [7].

Notwithstanding the tradition of the author, the folk song, which has been up to date, the performance of the performer with his own insight and inner feeling is the main requirement of the teacher to the students. Especially in the Kazakh verse it is necessary to understand the nature of the image, its background, the mockery, the cling, the gesture, the projection, the pointing, the travail and the grief.

Г.Г. Сапаргалиева

Т. К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ ӘНІ МЫСАЛЫНДА ВОКАЛДЫҚ ДИКЦИЯНЫ ЖЕТІЛДІРУ ҮШІН ВОКАЛДЫҚ ТЕХНИКАНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация. Бұл мақалада сахналық қойылымды көрермендердің қабылдауын түсіне білуге тәрбиелеу әдістемесінің негізін құрайтын вокалды дикцияның ерекшеліктері қарастырылады. Автор бірнеше бағытқа қатысты, атап айтқанда, вокалдық фонетика, орфоэпия, дикция, артикуляция және қазақтың дәстүрлі музыка-поэтикалық өнерінің ырғағы бойынша әртүрлі әдістердің ерекшелігі мен мағынасын ашудың жаңа нұсқауларын ұсынады. Бұл әдістемелік әзірлемелер орыс вокалының теориялық қағидаларына және қазақтың ерекше әндеріне негізделген.

Ән айтуды музыкалық сөйлеу деп атауға болады, сондықтан ән айту дауысы тек ауқым мен күшпен ғана емес, тембрмен де ерекшеленеді, яғни дауыс бояуы деп түсініледі. Вокалистерді оқытуда вокалист дикциясы мен оның дауыс қалыптастыруы арасында тығыз байланыс бар екенін түсіну маңызды. Артикуляциялық органдар жұмысының белсенділігі мен үйлесімділігі сөйлеу дыбыстарының айтылу сапасын, сөздердің анықтығын немесе дикцияны анықтайды. Бұл тақырып бүгінгі таңда өзекті болып отыр – вокалдағы көптеген білім алушылар дикция қоюды қажет ететінін тәжірибе көрсетіп отыр. Сонымен қатар вокалдық педагогика міндетті түрде вокалдық шығарманы орындаудың қажетті шарты ретінде сөздерді анық және мәнерлі айтуға үйретуді көздейді. Сондай-ақ дикцияның мәнерлілігін белгілі бір техникасыз алуға болмайды деп айту керек.

Тіл құдіреті жеткізе алмаған астарлы сезімдер мен ойларды жеткізеді. Театрда музыка өз бетінше ештеңе тындыра алмайды. Тек сахналық іс-әрекетпен үндестік тапқан әуеннің атқарары ұшан-теңіз.

Анық дикцияның ән орындау техникасын қолайлы қолдануға көмегі көп, дауыс аппаратының қысылмауына, әнші демінің дамуына септігін тигізеді.

Әрбір музыкалық шығарманың өлшемдеріне, ырғақтарына (ритм) байланысты сөйлеу жобасын анықтау керек, ән ырғағы неғұрлым тез болса, дикция да солғұрлым анық болуы керек. Екпіні жай айтылатын әндерде дикция өте жұмсақ, созылмалы болуы оның анықтығына кедергі жасамауы қажет, жалпы ән әуенінің кең тыныстылығы сөздің анықтығына біршама кедергі келтіргенмен, үлкен түсіністікпен, сезімталдықпен орындалған шығармада, әншінің орындаушылық қабілетінің деңгейін анықтайды.

Сонымен, күрделі, аралас, ауыспалы өлшемдегі музыкалық шығарма болсын, не болмаса жай екпіндегі шығарма болсын, сөз анық болуы керек. Осы екі жағдайда да мәтіннің айтылуына (сөзге) біркелкі көзқарас болуы қажет.

Шығармашылық саласында сөзді ақын тудырса, сөз астарын музыканың иірімдерімен орындаушы әнші тудырады. Сол себептен әншілерге сөз астарын, мағынасын ашу – басты міндет. Демек, сөз астарына табан тіреген әнші – орындаушы ретінде шығарманың көркемдік тұлғасын аша алатын алтын кілті.

Сондықтан әншілерден ана тілінің бай болмысын бұзбай, вокалдық фонетикалық әуені мен орфоэпиялық ерекшеліктерін қатаң сақтау талап етіледі. Сайып келгенде әншілер шетел, ресей, т.б. халық әндерін орындау барысында тіл заңдылықтарын ескеруі тиіс.

Әншілер үшін басты мақсат – шығарма сөзінің тактілерге сай бөлінуін, сөйлемдердің мазмұнының толық қамтылуын терең талдап, мағынасын музыканың көңіл-күйіне бағындыра отырып ашу.

Сөздің сұлулығы мен шешендік пішініне, мазмұны мен жатықтылығына, тұлғалық сипатына назар аудара отырып, ең соңында үндік, әуендік тазалығын, әрі ашық, анық айтылуын қадағалау қажет.

Ол үшін әннің сөз тілінің ерекшеліктерін, грамматиканы, әсіресе, вокалдық орфоэпия заңдылықтары мен ережелерін жақсы білуі қажет.

Түйін сөздер: вокал өнері, ән дикциясы, мәтінге семантикалық талдау, вокал техникасы, қазақ әні.

Г.Г. Сапаргалиева

Казахская национальная академия искусств им. Т. К. Жургенова, Алматы, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ВОКАЛЬНОЙ ТЕХНИКИ ДЛЯ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ВОКАЛЬНОЙ ДИКЦИИ НА ПРИМЕРЕ КАЗАХСКОЙ ПЕСНИ

Аннотация. В данной статье рассматриваются особенности певческой дикции, положенные в основу методики воспитания сценических исполнительских навыков, с целью полноценного усвоения содержания музыкального произведения слушательской аудиторией. Автором предлагаются новые методические рекомендации по раскрытию специфики и значения различных техник в области вокальной фонетики, орфоэпии, дикции, артикуляции и ритмики казахского традиционного музыкально-поэтического искусства. Методические разработки основаны на теоретических принципах российской вокальной школы и уникальном материале казахской песни.

В статье раскрываются вопросы значимости дикции при обучении певца-актера и пути формирования четкой и правильной певческой речи. Активность и совместимость работы артикуляционных органов определяют качество произношения речевых звуков. Тема сегодня актуальна – практика показывает, что многие обучающиеся вокалу нуждаются в постановке дикции. Кроме того, вокальная педагогика в обязательном порядке предусматривает обучение четкому и выразительному произношению слов, как необходимого условия исполнения вокального произведения. И, следует сказать, что выразительность дикции не может быть получена без определенной техники.

Могучая сила языка доносит недоносимые сокровенные чувства и идеи. Музыка в театре не может существовать самостоятельно. Только в гармонии со сценической деятельностью исполнение мелодии получает глубину.

Четкая дикция содействует практичному применению исполнительской техники, снятию зажимов голосового аппарата, развитию дыхания певца.

В зависимости от размеров каждого музыкального произведения, ритма необходимо определить речевую форму, чем быстрее ритм песни, тем яснее должна быть дикция. В песнях, исполняемых в спокойной манере, дикция весьма мягкая, ее протяжность не должна препятствовать четкости, в то время как общая широкомасштабность мелодии песни, становясь некоторой помехой для четкости слов, в произведении, исполненном с большой проникновенностью и чувственностью, определяет уровень исполнительской способности певца.

В общей сложности, будь то музыкальное произведение смешанного, переменного типа, либо будь то произведение в спокойной манере – слова должны быть внятными. В обоих случаях должен быть единый взгляд на произношение текста (слова).

В творчестве, если слова рождает поэт, то подтекст слов во взаимосвязи с музыкой рождает исполнитель-певец. Поэтому первостепенная задача для певцов – раскрывать внутреннюю сущность слова, его смысл. Таким образом, опирающийся на внутренний смысл слова, вокалист-исполнитель и является золотым ключом, способным раскрывать художественный образ произведения. Этот золотой ключ является

тем инструментом, который можно использовать, чтобы раскрыть художественно-глубокое содержание произведения.

Поэтому от певцов требуется строгое соблюдение вокальной фонетической мелодии и орфоэпических особенностей, не нарушая богатого естества языка произведения. Таким образом, при исполнении зарубежных, российских и др. народных песен певцы обязаны учитывать языковые закономерности.

Обращая внимание на красоту и ораторскую форму слова, содержание и плавность, личностный характер, в завершение всего, необходимо контролировать звуковую и мелодийную чистоту, максимально ясное и четкое произношение.

Для этого необходимо хорошо знать особенности текста исполняемых произведений, грамматику, закономерности и правила орфоэпии.

Ключевые слова: вокальное искусство, певческая дикция, смысловой разбор текста, методика вокала, казахская песня.

Information about the author:

Sapargaliyeva Guldana Galymovna – professor, head of the Department of solo singing, art figure of the Republic of Kazakhstan, T.K. Zhurgenov Kazakh national academy of arts, Almaty, Kazakhstan. E-mail: sapargalieva51@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-6164-6556

REFERENCES

[1] Rakhimov A. Rejisser sheberligi [Director's mastery]. Alm.: KNAA's publishing house. 162 pp.

[2] Voprosy vokalnoi pedagogiki [Issues of vocal pedagogy]. Volume 7. M.: Muzyka. 1984. 212 pp.

[3] Altybayeva S.M., Sagyndykov E.S. Cultural code and myth poetic modeling in the structure of the artistic text // News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. ISSN 2224-5294. Vol. 5, N 321 (2018). P. 5-11. https://doi.org/10.32014/2018.2224-5294.1

[4] Abdyssagin R.-B. T. Contemporary music as an echo of time // Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. ISSN 1991-3494. Vol. 1, N 365 (2017), P. 29-33. https://doi.org/10.32014/2018.1991-3494.34.

[5] Dmitriev L.B. Muzyka [Music]. M.: 2004. 123 pp.

[6] Dmitriev L.B. Osnovy vokal'noy metodiki [Basics of vocal methodology]. Muzgiz, 1963. 674 pp.

[7] Stanislavsky K. Rabota aktera nad soboi [Work's actor over himself]. Sobr.soch [col.works], T.3, ch.[part] 2. M.: 1965. 34 pp.

N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294 **https://doi.org/10.32014/2020.2224-5294.56**
Volume 2, Number 330 (2020), 194 – 201

УДК 78.03
МРНТИ 18.41.09

А.Ж. Қазтуғанова[1], А.Қ. Омарова[1],
Р.Ө. Стамғазиев[2], Б.Н. Акимжанов[1], Е.Е. Жаманбалинов[1]

[1]М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан;
[2]Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерватория, Алматы, Қазақстан.
E-mail: zhasaganbergen@mail.ru, aklima_omarova@mail.ru,
stam_67@mail.ru, bakhtiyar.akimzhanov@bk.ru, ernat-knc@mail.ru

ЖАҺАНДЫҚ ДӘУІРДЕГІ МУЗЫКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Аннотация. Мақала жаһандық дәуірдегі музыкалық құндылықтарға арналған. Бұл құндылықтардың дәстүрлі өнермен сабақтасатыны баршаға аян. Соның бірі – Арқа әншілік өнері. Арқа өңірінде ән өнерінің туын бекем ұстанған әншілер қатары аз болған жоқ. Олардың бастауы сонау жаугершілік замандардағы сал-сері ұғымымен сабақтасып жатыр. Сол сал-серілердің қатарында есімі елге танылған Ақан сері Қорамсаұлының өмірі мен шығармашылығы ерекше орынға ие. Ақан сері Қорамсаұлы шығармашылығының зерттелуінде музыкалық-теориялық тұрғыдан арнайы жазылған еңбектердің жоқтығы тақырыптың өзектілігін айқындай түсті.

Ақан сері, Ақжігіт Қорамсаұлы (1843-1913) – XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген ақын, әнші-композиторлардың ең таңдаулы өкілдерінің бірі. Сал-серілердің Отаны болып саналатын Көкшетау жерінің Үлкен Қоскөл мекенінде (қазіргі Көкшетау облысы, Володар ауданында) шамамен 1843 жылы дүниеге келген (1913 жылы сол жерде қайтыс болған).

Ақан сері қазақтың әншілік өнерін кәсіби дәрежеге көтеріп, классикалық үлгідегі туындылар шығарды. Әндері тақырыптық жағынан алуан түрлі. Поэтикасы халықтың дәстүрлі поэзиясымен үндес. Әуеніне әуезділік, ырғақтық-интонациялық байлық, ішкі қайырым үйлесімділігі, лирикалық нәзіктік тән. Әнші-композитор туындыларының сипаты образды-поэтикалық көркемдігімен, әсерлілігімен, халықтың дәстүрлі өнерінен өзек алған тамырластығымен дараланады.

Зерттеу жұмысында Ақан серінің қолтаңбалық ерекшелігін айқындай түсетін «Алтыбасар», «Балқадиша», «Құлагер», «Мақпал», «Шәмшіқамар» әндерінің шығу тарихы нақтыланып, ғылыми-танымдық талдау жасалды.

Түйін сөздер. ән, сал, сері, лирика, поэтика, мазмұн, текстология, суарыпсалма, арқа дәстүрі, аймақтық ерекшелік.

Кіріспе. Өнер зерттеушілері қазақтың халық әндерін, халық композиторларының шығармаларын аймақтық, орындаушылық ерекшеліктеріне, жағрафиялық орналасуына қарай әртүрлі мектептерге жіктейді. Солардың бірі – Арқа әншілік өнері. Бұл аймақтық жағынан еліміздің Шығысымен ұласып жатқан жерлерді, Орталық Қазақстанның, Солтүстік Қазақстанның біраз бөлігін алып жатыр. Бұрын жалпылама аталып келсе, кейінгі уақыттарда өнер саласын зерттеп жүрген мамандар осы өнер ошақтарын өз ішінен жіктеп, бірнеше топқа бөледі. Белгілі өнер зерттеушілерінің пікіріне сүйенсек, қалыптасу кезеңіне қарай, Қызылжар, Көкшетау, Баянауыл, Қарқаралы – Қу өңірі, Тоқырауын, Ақмола – Қорғалжын, Атасу – Жаңарқа болып жетіге бөлінуі тиіс.

Арқа өңірінде ән өнерінің туын бекем ұстанған әншілер қатары аз болған жоқ. Олардың бастауы сонау жаугершілік замандардағы сал-сері ұғымымен сабақтасып жатыр.

Сал-сері – бір бойына өнердің бірнеше түрін жиған әмбебап тұлға. Ол ел шетіне жау келгенде, қолды майданға бастап қарсы шығар қолбасшы болса, бейбіт күндерде ел-жұртты рухани азықтандырып, көңілін көтеріп, «жығылғанға демеу, сүрінгенге сүйеу» болар жанашыр, жомарт, мәрт адам

ретінде суреттеледі. Сал-серілердің бейбіт кездегі аң аулауы, құс салуы, ат үйретіп баптауы, кез-келген нәрсеге талғаммен қарауы, адамдардың мұң-мұқтажына ортақтасуы, ілім-білім жағынан да елдің алды болып тұруы, жалпы сол кезеңдегі халықтың дүниетанымын кеңейтіп қана қоймай, кейінгі ұрпақтың да осы ілімнен нәр алып, рухтанып күні бүгінге дейінгі қаншама қиын-қыстау заманнан тұтас ұлт болып аман-есен шығуда танымдық жағынан бірлікте, тұтастықта болуына әсерін тигізді. Арқа өңіріндегі сал-серілік қасиеттердің барлығын бойына сіңірген тұлғалар тарихтан ойып тұрып орын алды.

Бүгінгі біздің заманымызға аты мен шығармашылығы жеткен сал-серіліктің жарқын өкілдері – Біржан сал, Ақан сері, Мұстафа Бүркітбайұлы, Жаяу Мұса, Жарылғапберді Жұмабайұлы, Ғазиз Файзоллаұлы, Үкілі Ыбырай, Иманжүсіп Құтпанұлы, Балуан Шолақ, Шашубай Қошқарбайұлы, Естай Беркімбайұлы, Тәуке Мұстафаұлы, Мәди Бәпиұлы және т.б. Соның ішінде, Ақан сері Қорамсаұлы шығармашылығының зерттелуінде музыкалық-теориялық тұрғыдан арнайы жазылған еңбектердің жоқтығын ескерсек, осы мақаланың өзектілігі айқындала түседі.

Әдістер. Ақан серінің әндерін зерттеуде ғылыми-танымдық әдіс пайдаланылды. Әндерді талдау барысында отандық ғалымдардың этнографиялық, музыкалық-теориялық, іргелі еңбектері қолданылды. Атап айтатын болсақ, А. Затаевич [1], А. Жұбанов [2], Б. Ерзакович [3], А. Байгаскина [4], Қ. Жүзбасов [5], А. Темірбекова [6], Б. Қарақұлов [7], С. Елеманова [8], А. Байбек [9] және т.б. Ақан сері әндерінің таңдаулы үлгілері «Ұлы даланың көне сарындары» атты антологияға енді [10].

Зерттеу нәтижесі. Ақан сері, Ақжігіт Қорамсаұлы (1843-1913) – XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы ақын, әнші-композиторлардың ең таңдаулы өкілдерінің бірі. Сал-серілердің Отаны болып саналатын Көкшетау жерінің Үлкен Қоскөл мекенінде (қазіргі Көкшетау облысы, Володар ауданында) шамамен 1843 жылы дүниеге келген (1913 жылы сол жерде қайтыс болған). Ақан жасынан халықтың әні мен күйінен сусындап, өзіне дейінгі әншілік дәстүрді бойына сіңіріп өскен. Әуелі ауылда, содан соң Қызылжардағы Уәли (Ахметуәли) молдадан оқыған. 16-17 жасынан өнер жолына түскен.

Ақанның талантына тағзым ететін Әлібек деген досы өзінің жанына балаған «Қараторғай» атты қыран құсын қалтқысыз көңілмен сыйға тартады. Сайрат деген төреден Басарала атты тазының бауырын жаңа көтерген күшігін алып, енді бір жақын жора-жолдасының «Көкжендет» деген болат топшылы қаршығасын қолына қондырады. Осылайша жолдасына жұғымды, халқына қадірлі сері Ақан – жүйрік ат, құмай тазы, қыран бүркітті жігіт сұлтанына айналады.

Ақан сері шығармашылығында әйел бейнесіне арналған әндер ерекше орын алады. Бұл әндерде әйел затының әдемі көрік-келбеті ғана жырланып қоймайды, сонымен бірге олардың ақылы мен парасаты, жан дүниесінің сұлулығы мен адамгершілік қасиеттері де әспеттеледі.

«Алтыбасар» әнінде – сүйгенінен айрылу, қайтып оралмайтын махаббат қайғысы, арман-тілектің көзден бұл-бұл ұшуы суреттеледі. Ақын осы бейнені сомдауға дарыны мен қабілетін сарп етіп, өзгеше бір ән шығарған. Ақан серінің әндерін жинап, зерттеген Қ. Жүзбасовтың айтуынша, «Алтыбасар» әнінің табиғаты халықта кеңінен қолданылатын «қоштасу» жанрына бір табан жақын. Бұл әнде композитор түрлі ән жанрларын бір арнада ұтымды ұштастыру әдісін қолданған. Әуеннің кең тыныстылығы, ауқымдылығы, дауыс екпінінің өзіне тән қуатты келуі, көмейден күмбірлеп шығар ырғақ үйлесімділігі әнге ерекше сипат беріп тұр және қоштасу сипатындағы лирикалық әндердің үздік үлгілерінің бірі.

«Балқадиша» – Ақан сері шығармашылығындағы назды да, сазды әндердің бірі. Ән өте үлкен дыбыс ауқымын қажет етпесе де, әуені адамды өзіне еріксіз баурап ала қояды. Әннің шығу тарихы, мәтіні туралы кеңес кезінде ойдан құралған «аңыздар» өте көп. Бірақ, оның негізгі шындығы – мынау. Ақан алпысты алқымдап қалған шағында, ел аралап жүріп, Қарауылдың Жаулыбай тармағынан тарайтын ауылына келіп тоқтайды. Ауылда шілдехана болып жатыр екен. Серінің келгенін естіп, Ақанды той иелері сонда шақырады. Әдетте ондай жиын тойда серінің қасына бір қыз отырып, ілтипат білдіріп, жағдайын жасап отырады. Ал, бұл жолы біраз жасқа келіп қалған Ақанның қасына отырудан қыздар қашқақтап, бас тартады. Бұл ел аузында Ақан сері туралы алып-қашпа сөздердің кеңінен етек алған тұсы еді. Ақанның қиялға беріліп, жын-перілермен қатысы барын алға тартып, жас қыздар серіден үрейленген. Ақын да, қыздар да өздерін жайсыз сезініп, отырыстың берекесі қашқандай болады. Сол кезде ауылдағы Шәкейдің Ыбырайы деген кісінің он алты-он

жетілердегі қызы Балқадиша осы жайттан хабардар болып үлгеріп еді. Оны әкесі Ыбырай шақыртып алып: – Балам, Ақан ағаңның жанында отырып құрмет көрсет! Ақаннан сөз қалады, – дейді. Мұны естіген қыз әке ақылын тыңдап, той болған үйге Ақанды «ағалап» жарқылдай кіріп, серіні томағатұйық қалпынан серпілтіп, дүр сілкіндіреді. Той соңынан қарындастың назды қылығы мен еркелігіне көңілі тебіреніп, толқыған Ақан ағалық ықыласпен домбырасын қолына алып, той басындағы жайтты естен шығармай тұрып, тосын бір ән бастайды. Үй толы қыз-қырқынның бағанағы істерін беттеріне басқандай, бәрінен Балқадишаның абыройын асырып, дәрежелеп, атын өлмес-өшпес өміршеңдікпен қазақ елінің төрт бұрышына түгел жайған ән жауһары осылай жарқырап туады. Бұл әнде ешқандай өртенген махаббаттың болуы мүмкін емес. Ондай ғашықтық әніне балап жүрген пікірлердің барлығы кеңес кезінде мәтінін редакциялап, өзгеріс енгізудің салдарынан туындаған. Қазіргі күні дау тудырып жүрген: «Дегенде Балқадиша, Балқадиша, Күйеуің сексен бесте шал Қадиша» сынды жолдары – сол солақай саясаттың сойылын соққан әрекеттердің жемісі. Ән кейіпкері – Қадиша, Сүлеймен деген текті атаның баласымен бас қосып, үлкен әулеттің босағасын аттаған. Үш қыз және екі ұлдың анасы атанып, 1953 жылы өмірден өткен.

Бұл ән «әуені жағынан ел ішінде бұрыннан қалыптасып, айтылып келе жатқан лирикалық-тұрмыстық әуендерге ұқсас, сонымен бірге оның ырғақтық-интонациялық құрылымы көңілді би сипатымен де ерекшеленеді. Ал, мұндағы секста интонациясы әнші-композитордың творчестволық ой елегінен, өңдеуінен өткен орыс халқының лирикалық әндерінің стиліне жақынырақ».

«Құлагер» – Ақан сері шығармашылығының шыңы. Поэтикалық мазмұны жағынан арнау өлеңге жатады. Ақан есімімен қашанда қосарлана айтылатын әйгілі Құлагерді Ахмет Жұбановтың жазуында Шөкетай деген кісіден бір ат, бір сиыр және жиырма бес сом ақшаға сатып алады.

Ақмола мен Көкшетаудың арасын қалың керей мекендейді. Сол керейде паң Нұрмағамбеттің әкесі Сағынайдың асы болады. Бір жағы Торғай, Ырғыз, бір шеті Аягөз, Қарқаралыға дейін, одан Кереку, Баянға дейін, бір шеті Көкшетау, Қызылжарға дейін сауын айтылып, сол асқа шақырылады. Бәйгеге Ақан Құлагерін қосады. Аста қашықтыққа қатысты ерегіс шығып, ақыры аттарды елу шақырым қашықтыққа айдайды. Асқа Сармантай, Мұрат жақтан Батыраш, Қотыраш деген ағайынды екі кісінің бәйге бермей жүрген қос бозы да келіп қосылады. Олар сыншыларын жіберіп, Құлагерді сынатады. Қанатты құс болмаса, төрт аяқты айуанды оздырмайтындығын естіген соң, ағайындылар ақылдасып, бәйгеге ат қоспай қалуды намыс көріп, Құлагерді өлтіруге бекінеді.

Бәйгенің алдын бермей оза шапқан Құлагерді Батыраш пен Қотыраштың аңдуға қойған адамдары күтіп тұрып, өкпе тұстан қосыла кетіп, ұрып жығып, белін үзіп өлтіреді. Аста екі ағайынды теңдік бермей кетеді. Ақан сері Құлагерінен айырылып, өз жөніне кете барады. Намысқа булыққан Алтай-Қарпық, Атығай, Қарауыл елдері жиналып тарақты Борамбай биге келеді. Би оларға жауласуға асықпай, Батыраш, Қотыраштың алдынан тағы бір өтуді ұсынады. Барғандарды екі ағайынды аяғына да отырғызбай шығарып салады. Ашулы қайтқан топ елге келген соң, Алтай-Қарпықтың елінен 1500 адам жинап барып, Батыраш пен Қотыраштың елін шауып, Құлагерді өлтірген елдің екі адамын өлтіреді. Сонымен, Батыраш, Қотыраш Ақмола мен Көкшетаудың арасындағы қалың керейге ат шаптырып көмек сұрайды. Бұған Сағынайдың Нұрмағамбеті: «Біз бармаймыз. Менің әкемнің асында бүлік шығарып, жазықсыз жануардың қанын төкті. Тілімді алса, Ақсары, Құрсары, Матақай, Самай елдері Батыраш, Қотыраштың бұл бәлесіне қосылмайды» – депті. Керейден көмек болмаған соң, Батыраш, Қотыраш Борамбай биге хабар салып, осы мәселені шешіп беруін өтінеді. Борамбай келіседі. Көктемде мамыр айында Көкшетаудың күнгей бетіне екі ақбоз үй тігіліп, алты арыс Орта Жүздің әр руының билері бас қосады. Сонда Борамбай мынадай билік айтады:

«Тұлпар мен сұңқарға баға жоқ. Тұлпардың құны – тұлыбы толған алтын тіллә болады. Сондай тұлпарды өлтірген екі адамға құн жоқ. Батыраш, Қотыраштың қос бозы екеуі екі жылқының орнына Құлагердің құнына төленеді» – дейді. Осы билікті алты арыстың билері: «Қос бозды Құлагердің құнына берілсін дегені әділ билік болды» – деп тарқасыпты.

Құлагердің қазасы жалғыз Ақанның ғана трагедиясы емес, ел трагедиясына айналады. «Құлагер» әні тыңдаушысына драмалық монолог ретінде әсер етеді. Автор өзінің күйінішті сәтін терең психологиялық сезіммен жеткізе білген. Жоқтау стилімен айтылатын бұл ән композитордың табиғи талантының арқасында халықтық түпнұсқадан едәуір жоғары дәрежеге көтеріліп, көркемдік деңгейі биік шығармаға айналған.

«Майда қоңыр» – Ақанның шығармашылығындағы әйел образына арналған лирикалық жанрға жататын ән. Бұл әннің бізге жеткен, әншілер жиі айтып жүрген мәтіні бойынша қарастырсақ, мұндағы Ақан сері өзінің «Майда қоңыр» әнін «Азияның Барысы қаһарлы билеуші Әмір-Темірге арнады» деген пікір шындыққа жанаспайды. Белгілі жазушы, зерттеуші Медеу Сәрсекенің ел арасынан көнекөз қарттардан жинаған дерегі бойынша әннің нақты тарихы былайша өрбиді.

Ақан дүлдүл, бұл әнді XIX ғасырдың аяғында 27 елді жаулаған билеушіге емес, өзінің замандасы Әмір Темірге арнаған. Ол – атақты шонжар Шорман бидің немересі; Баянауланың Аққелін болысындағы ауылында мұсылманша сауат ашып, Омбы қаласында бірнеше жыл орыс мектебінде білімін көтерген, яки, өз заманының алдыңғы легіне шыққан білімпаз азамат. Оның некелі қосағы – Шоқан Уәлихановтың туған інісі Сақыпкерейдің қызы, есімі – Бәдиғұлжамал, ерекше сұлу жан. Ақан сері Қорамсаұлы осы бойжеткенге ерекше ғашық болған. Қыз да Ақандай өнерлі жігітке «кет әрі» болмаған сынды. Ақан сол сұлуға арнап қазір де дүйім жұртқа мәлім «Ақтоты» әнін шығарады. Алайда, қазақшылық жол-жоба жеңіп, Бәдиғұл сұлу Шорманның кенжесі Әужанның ауылына ұзатылады. Сірә, сұлу қалыңдығын қимаған тәрізді, Ақан сері сол жазда Баянаулаға іздеп келіп, жас отаудың тура өзіне тоқтайды. Әмір-Темір сері қонағын бір ай құрметтеп, ерекше күтеді, екеуі бірін-бірі түсініп, ақырында құшақ айқастырып, өмірлік дос болып айырылысқан-мыс. Сол ауылдан аттанарда сері «Майда қоңыр» әнін шырқап, осы әнімді ерлі-зайыпты екеуіңе байладым, бақытты болыңдар!» деген-міс. Шынында да осы тартудың бастапқы жолы «Жігіттің падишасы Әмір Темір» деп басталуынан-ақ, оның жер-жаһанды қан қақсатқан әскери қолбасшыға емес, өнер-білімімен өз қатарынан озған азаматқа арналғанын аңдау қиын емес. Бұл оқиғаны жазушы өзі жинаған деректермен бекітеді.

Жоғарыда айтқан жайт 2008 және 2010 жылдары жарық көрген Серік Жақсыбаевтың «Қаржас ұрпақтары» және ағайынды Д.Біләлов пен Б.Біләловтың (екеуі де Шорман бидің бертінгі перзенттері) «Қаржас шежіресі» кітаптарында нақты жазылған. Сол кітаптарда Әмір Темір Шормановтың оқыс ауырып, жігіт шағында кенеттен опат болғаны жазылған. Оның артында екі перзент – Нариман, Аспандияр (осы жігіт Кеңес заманында ауыл шаруашылығының аса ірі ғалымы атанған, фамилиясы Шорманов) есімді екі бала және бір қызы қалыпты. Олардың да ұрпақтары өсіп-өнген.

М.Сәрсеке осы деректерге академик Қ.И.Сәтбаев туралы Баянаулаға жиі барып, сол елдің тарихын қазып жүргенінде кезіккен. Ол Сейітовтер мен Шормановтар әулетінің бертіндегі шерлі тарихын арқау етіп, (2014 жылы жарық көрген 8 томдық «Шығармалар жинағының» 2-томы) деректі хикаят жариялаған.

Ақан сері Қорамсаұлын соншама қызықтырған Бәдиғұлжамал сұлудың бергі, Кеңес заманындағы тағдыры мүлдем аянышты. 1928 жылғы қазақ байларын кәмпескелеу кезінде баянауылдық белсенділер оны түрмеге қамап, «Шорман бидің әулеті тыққан қымбат қазынаны сен білесің, соны көрсетесің…» деп, күні-түні дүрелеп, қайран сұлу ақырында түрмеде мерт болған.

Бәдиғұлжамалдың әмеңгерлік дәстүрі бойынша қосылған ері – Шорман бидің немересі Сәдуақас мырза Мұсаұлы. Сол ерінен ол 1901 жылы қыз бала көріп, есімін Нафиға атайды. Ол да шешесіндей сұлу, ерке қыз атанып ержетіп, Омбы шәрінде орысша оқыған. Осы сұлудың сүйіп қосылған ері – ескі зиялы, Том университетін 1916 жылы тәмамдап, адам дәрігері мамандығын игерген, Алаш партиясының белсенді мүшесі Асылбек Сейітов. Ол Баянаулада, Қарқаралыда дәрігер болып еңбек еткен соң, 1923-1937 жылдарда Шығыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау бөлімін басқарған. Амал не, ол да сол кездегі «Халық жауларын іздеу» нау-қанында екі інісімен бірге атылған. Нафиға сұлу сол қазаны көтере алмай, жүрек талмасынан мерт болған. Тәубе дерлік гәп: оның Роза және Клара есімді екі қызы аман қалып, Шормановтардың тәрбиесінде өсіп, бертінде отбасын құрған.

Мақпал қыз есімімен аталған бұл «Мақпал» әнінде бірін бірі жақсы көрген қыз бен жігіттің, ата дәстүр салтының әсерінен (алдын-ала құда түсіп қою) қосыла алмаған жағдайы бейнеленеді. Бұл әннің тарихына қатысты белгілі музыка зерттеушісі Ахмет Жұбановтың дерегіне сүйенетін болсақ, «Мақпал» әнін «Балқадиша» әнінің туған шағымен байланыстырады. Бұл әнді Ақан ғашықтық сезімінен шығарған десек, қателесеміз.

Себебі, «Балқадиша» Ақан серінің алпыс жас шамасындағы шығарған әні екендігін, әрі ол кездерде басында қайғы орнаған серінің өмірі қиындаған уақыты екендігін ескерсек, бұл пікір орынсыздау. Себебі, бұл кезеңдерде серінің атқа мініп алып, елді аралауы сирек болған. Бір жағы ел арасынан бөлініп, жырақта, қамыс арасында мылқау ұлымен оңаша бір күрке тігіп алып сонда тұрып

жатқан кезі. Ол уақытта ел арасында Ақан жайлы «жын-перінің қызымен құшақтасады екен» деген алып-қашпа әңгіме тараған кезі. Сондай жағдайдағы серінің ел арасына еркін араласып, бұрынғыдай домбырасын қолына алып, қызды ауылды аралап жүруі қисынға келмейді. Бірақ академик айтқан түсінікте мынадай бір тағы болжам бар. Ол – «Мұның бәрі де Ақанның өз басынан өтті деуге тағы болмайды» деген сөзі. Бұл енді шындыққа бір табан жақын. Өйткені, әннің шығуына байланысты академик айтқан уақыт дәл келген күннің өзінде Ақан серінің бұл әнді басқа жанның тағдырына қаратып айтуы әбден қисынды. Әрі мұндай жағдай халық композиторларында көптеп кездеседі. Яғни, көңіл қимас адамдарының, сүйгеніне жете алмай жүрген жандардың атынан да кей кездері өнерпаздар ән шығарып берген.

Шығарманың мінездемесіне келсек, академик мұны былай деп суреттейді: «Мақпал» – терең сырлы, ішінде мұң да, үрей де, арман да, өкініш те бар ән. Бірақ, бұл айтқандарға қарап, әнді зарлы деп түсінбеу керек. Мұң мен зардың, қайғы мен үрейдің шығармашылығында үлкен айырмалары бар. «Мақпал» – мелодиялық дамуы заңды, тыңдаған адамға әсері күшті, лирикамен қатар, драмалық элементтері де бар ән. Әсіресе, дарынды халық композиторларында кездесетін кейбір музыка дыбысын көтеретін тұстар «Мақпалды» көркемдеп тұр. Ақанда ол жиі кездеспейді. Бірақ керек жерінде таңғаларлықтай тауып қолданады. Біреулер «Мақпалды» Ыбырайдікі (Сандыбайұлы) дейді. Бірақ музыкалық кейпіне қарағанда, Ақанның шығармасы екендігі сезіледі». Осы жерде қоса кететін тағы бір дүние, ол – басында қайғысы бар адамның қандай көңілді ән айтса да оның бояуы өзгеріп, мұңмен өріліп шығатындығында (Бұған мысал ретінде Тоқбай әншінің өмірі мен ән айту мәнері туралы естеліктерді келтіре кетуге болады). Осындай бір көңілсіздік пен мұң Ақанның осы әнінен айқын білінеді.

Мақпал

«Шәмшіқамар» – ғашықтық ән. Қыздың есімімен аталатын бұл шығармада Ақан сері ғашықтардың басынан өтетін күйдің ең бір нәзік тұстарын, жай адамның қанша толғанса да тілі жетпейтін жүрек түкпіріндегі жан сырын шебер суреттейді. Барлық сал-серілерде ғашықтық әні бар. Бірақ, Ақанның «Шәмшіқамары» сол ғашықтық әндерімен салыстырмалы түрде нәзіктігі жағынан ерекше көркем шығарма екендігін көреміз.

Әнде «лирик ақын көптеген метафораларды, эпитет пен теңеулерді, параллелизм және басқа да баламаларды шебер пайдалана білген. Мұнда ақын поэтикалық тіл көркемдігіне музыкалық-интонациялық әр беріп, хас шеберліктің үлгісін танытады».

Қорытынды. Қазақтың музыка мәдениетінде сал-серілер ғұмыр кешкен кезең «Алтын ғасыр» болып саналады [11]. Сол заманның ірі тұлғасы Ақан серінің шығармашылығы әлі зерттеулерді талап етеді. Әншілік, ақындық, композиторлық өнерді бірдей меңгеріп, аталған салалардың

әрқайсысында өшпес із қалдырған, серілік құрып, ел құрметіне бөленген Ақан қазақтың әншілік өнерін кәсіби дәрежеге көтеріп, классикалық үлгідегі туындылар жасай білді. Ақан сері әндерінің тақырыбы көп қырлы және сан алуан, әуені жағынан әуезді, ырғақтық-өлшемі құбылмалы, қайырымынында сал-серілер шығармашылығында кездесетін алексикалық сөздер мен буындар қолданылады. Әйел бейнесіне арналған әндерінде лирикалық нәзіктік бар.

Ақанның әндері Қазақстан композиторларының шығармашылығынан да кең орын алған. Композитор Е.Г. Брусиловский «Құлагер», «Балқадиша» әндерін кезінде «Жалбыр» операсына қолданса, «Балқадиша» тақырыбына Д.Д. Мацуцин, С. Мұхамеджанов өздерінің вариацияларын жазды. «Мақпал», «Сырымбет» әндері Ғ. Мүсіреповтың «Ақан сері-Ақтоқты» пьесасында (1941 жылы жазылған) пайдаланылды. Ал С. Мұхамеджановтың «Ақан сері-Ақтоқты» операсы (либреттосы Ғ. Мүсіреповтікі) Ақан сері өміріне арналған туынды. Ақан серінің әндері Қ. Жүзбасовтың құрастыруымен «Маңмаңгер» деген жинақ түрінде жарияланды (1988). Серінің өмірі мен тағдыры туралы Ілияс Жансүгіров «Құлагер» поэмасын, Сәкен Жүнісов «Ақан сері» романын жазды. М. Әуезов «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты зерттеу еңбегінде Ақан серінің ақындық өнерін жоғары бағалап, оның жел жетпес жүйрігіне арнаған «Құлагер», қыран бүркітіне арнаған «Көкжендет» әндерін жоқтау өлеңіне жатқызған.

А.Ж. Казтуганова[1], А.Қ. Омарова[1],
Р.О. Стамгазиев[2], Б.Н. Акимжанов[1], Е.Е. Жаманбалинов[1]

[1]Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан;
[2]Казахская национальная консерватория им. Курмангазы, Алматы, Казахстан

МУЗЫКАЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ В ЭПОХУ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

Аннотация. Ценностно значимые образцы в казахской культуре, как известно, напрямую ассоциируются с традиционным народно-профессиональным искусством. В контексте изучения музыкальных ценностей в условиях глобализационных изменений в статье охарактеризовано песенное искусство Сары-Арки (Центральный Казахстан).

Подчеркнем, что певцов, достойно представляющих традиции Сары-Аркинского региона, немало. Генезис их творчества – в эпохе вражеских набегов, поскольку институт салов и серэ напрямую связан с этими трудными временами. В числе наиболее известных и легендарных личностей – Акан Сери Корамсаулы, жизнь и творчество, имя которого, вызывая интерес, востребованы и сегодня. Предпринятое обращение к его наследию, осуществленное в музыкально-теоретическом плане в ситуации отсутствия специально посвященных ему работ подчеркивает свою актуальность и своевременность.

Ахан серэ, Акжигит Корамсаулы (1843-1913) – казахский композитор, один из лучших представителей певческого искусства конца XIX – начала XX века. Родился в 1843 г. в селе Улкен Косколь, в Кокшетау, считающемся по праву родиной салов и серэ. С раннего возраста впитывал в себя народные певческие и инструментальные традиции. Сначала обучался в ауле, затем в Кызылжаре у муллы Уали (Ахметуали), а в 16-17-летнем возрасте избрал путь творчества.

Большое место в жизни певца занимали питомцы, преподнесенные поклонниками его таланта в знак признания. Так, друг Алибек подарил беркута по имени Караторгай, торе Сайрат – щенка тазы, также был «посажен» ему на руку ястреб Кокжендет. Благодаря уважению друзей, почету в народе, Ахан, обладавший необыкновенным дарованием, а также редкими по своим характеристикам «спутниками жизни» – быстроногим конем, охотничьей собакой, ловчими птицами – становится «султаном жигитов».

Своим поэтическим даром и композиторским талантом Ахан оставил неизгладимый след в каждой из этих сфер. Будучи удостоен большой чести у современников, он довел певческое искусство до высот профессионализма, создав произведения, ставшие классикой казахской культуры.

Темы песен Ахана серэ многогранны и разнообразны. Их стилистика созвучна народной поэзии, мелодиям присущи ритмико-интонационное богатство, «изящество» огранки, лирическая природа и нежность. Произведения певца-композитора отличаются не только «корнями», глубоко уходящими в искусство традиционного пения, но и образно-поэтической «живописью», «элегантностью». В творчестве автора особое место занимают песни, посвященные женскому образу, в которых воспевается прекрасный внешний облик, ум и рассудительность, красота внутреннего мира, нравственность и человечность.

Песни Ахана опубликованы в сборнике «Манмангер», составленном К.Жузбасовым (1988). О жизни и судьбе серэ Ильяс Жансугуров написал поэму «Кулагер», а Сакен Жунисов – роман «Ахан серэ». Мухтар

Ауэзов в научном исследовании «Эпос и фольклор казахского народа», высоко оценив поэтическое искусство Ахана серэ, песни «Кулагер» и «Кок жендет», посвященные быстроногому скакуну и гордому ястребу, относит к жанру «жоктау».

Песенное творчество Ахана занимает значимое место и в произведениях композиторов Казахстана. В свое время Е.Г. Брусиловский использовал широко известные песни «Кулагер», «Балкадиша» в опере «Жалбыр» (1935), на тему «Балкадиша» свои вариации написали Д.Д. Мацуцин, С. Мухамеджанов. Песни «Макпал», «Сырымбет» были использованы в пьесе Г. Мусрепова «Ахан серэ – Актокты» (1941). Опера С. Мухамеджанова «Ахан серэ – Актокты» (либретто Г. Мусрепова) – произведение, всецело посвященное жизни выдающегося творца.

В статье представлены лучшие образцы его песен – «Алтыбасар», «Балқадиша», «Кулагер», «Макпал», «Шамшикамар», история создания и текстологический анализ которых позволили показать особенности индивидуально-авторские особенности Акана серэ. Так, «Шамшикамар» – любовная песня. В сочинении, названном именем девушки, Ахан серэ мастерски передает самые нежные моменты тех чувств, что испытывают влюбленные, те душевные тайны в глубине сердца, которые простой человек, как бы ни старался, передать в словах не сможет. Все салы и серэ создавали любовно-лирические песни. Однако «Шамшикамар» – это своеобразное художественное творение, выделяющееся среди других своей необычайной нежностью. В песне умело использовано множество метафор, эпитетов, параллелизмов и др. Это – высокий пример мастерства, в котором художественность поэтического языка приобретает достойный музыкально-интонационный облик.

Ключевые слова: песня, сал, серэ, лирика, поэтика, содержание, текстология, импровизация, аркинская традиция, региональная специфика.

A.Zh. Kaztuganova[1], A.K. Omarova[1],
R.O. Stamgazyev[2], B.N. Akimzhanov[1], E.E. Zhamanbalinov[1]

[1]M. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan;
[2]Kurmangazy Kazakh National Conservatory, Almaty, Kazakhstan

MUSICAL VALUES IN THE AGE OF GLOBALIZATION

Abstract. Valuable examples in Kazakh culture are known to be directly associated with traditional folk professional art. In the context of studying musical values in the globalization changes conditions, the article describes the song art of Sary-arka (Central Kazakhstan).

It should be emphasized that there are many singers who adequately represent the traditions of the Sary-arka region. The genesis of their work is in the era of enemy raids, since the Institute of sals and sere is directly related to these difficult times. Among the most famous and legendary personalities is Akhan sere Koramsauly, whose life and work are still in demand today. The attempted appeal to his legacy, carried out in musical and theoretical terms in the absence of works specifically dedicated to him, emphasizes its relevance and timeliness.

Akhan Sere, Akzhigit Koramsauly (1843-1913) – Kazakh composer, one of the best representatives of singing art from the late XIX- beginning of XX centuries. He was born around 1843 in the village of Ulken Koskol, Kokshetau region, which is considered to be the birthplace of sal-sere. From an early age, he grew up in the environment of the folk singing and instrumental traditions. At first, he studied in the aul, then in Kyzylzhar and learned from mullah Uali (Akhmetuali), from 16-17 he was involved in creativity.

A great place in the life of the singer was occupied by pets, presented to him by fans as a sign of respect of his talent. His friend Alibek presented a golden eagle Karatorgay, a tore Sairat presented a puppy, and also a hawk Kokzhendet was «placed» on his arm. Thanks to the respect and reverence of his friends and the people, Akhan, who possessed extraordinary talent and rare «life partners» – a fast-legged horse, a hunting dog, and hunting birds, becomes the «Sultan of Jigits».

Due to his poetic gift and composing talent, Ahan left a significant mark in each of these areas, the contemporaries honored him, and he brought singing art to high professionalism, creating works that became classics of the Kazakh culture. The themes of the songs of Akhan Sere are multifaceted and diverse - poetics is in tune with traditional folk poetry, and his melodies are full of rhythmic and intonation richness, harmony and lyrical tenderness. The works of the singer-composer are characterized by figurative and poetic painting, «elegance», rooted in traditional folk art. The songs dedicated to the female image occupy a special place in the creative works of the author, in which he praises not only the beautiful look, but also the mind, discretion, richness and beauty of the inner world, morality and humanity.

Ahan's songs were published in the collection «Manmanger» compiled by K. Zhuzbasov (1988). Ilyas Zhansugurov wrote the poem «Kulager» about the life and fate of sere, and Saken Zhunisov wrote the novel «Akhan sere». Mukhtar Auezov in the scientific study «The Epic and Folklore of the Kazakh People», highly evaluated the poetic art of Akhan Sere, the songs «Kulager» and «Kok zhendet» dedicated to the fast-footed horse and proud hawk, and referred them to the «joktau» genre.

Akhan's songs occupy a significant place in the creativity of the composers of Kazakhstan. E.G.Brusilovsky used the songs «Kulager», «Balkadisha» in the opera «Zhalbyr», on the theme «Balkadisha» D.D. Matsutsin, S. Mukhamedzhanov wrote their variations. The songs «Makpal», «Syrymbet» were used in G. Musrepov's play «Akhan sere-Aktokty» (written in 1941). S. Mukhamedzhanov's opera Akhan Sere-Aktoty (libretto by G. Musrepov) is a work dedicated to the life of an outstanding creator.

The article presents the best samples of his songs – «Altybasar», «Balhadisha», «Kulager», «Makpal», «Shamshikamar», where history and textual analysis allowed to show the features of individual author's peculiarities Akhan sere.

«Shamshikamar» – is a love song. In the composition which was named by the girl's name, Akhan sere skillfully transmits the tenderest moments of the lovers' feelings, those spiritual secrets which are deep in the heart, that a simple person, no matter how hard he tries, can't express by words. All sal and sere created love-lyric songs. However, «Shamshikamar» is a kind of artistic composition that is distinguishing among others in its extraordinary tenderness. Many metaphors, epithets, parallelisms, etc. are skillfully used in the song. This is a high example of excellence, in which the artistic poetic language acquires a worthy musical-intonation appearance.

Keywords: song, Sal, Sere, lyrics, poetics, content, textology, improvisation, arkanian tradition, regional specificity.

Information about authors:

Kaztuganova Ainur, Candidate of Art Sciences, M. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan; zhasaganbergen@mail.ru; https://orcid.org/0000-0003-1248-2759

Omarova Aklima, Candidate of Art Sciences, Associate Professor, M. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan; aklima_omarova@mail.ru; https://orcid.org/0000-0002-8681-2207

Stamgazyev Ramazan, «Honored Artist» of the Republic of Kazakhstan Associate professor, Kurmangazy Kazakh National Conservatory, stam_67@mail.ru; https://orcid.org/0000-0003-0723-4929

Akimzhanov Bakhtiyar, Junior researcher of the Department "Musicology", M. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan; bakhtiyar.akimzhanov@bk.ru; https://orcid.org/0000-0002-0989-3955

